

Қазақстан Республикасы
Спорт және дene шынықтыру

мінистерлік агенттігінің төрағасы
міндеттін откарушының

2012 жылды «25» маусымда
№ 123 бүйрүгімен



**«Казспортиввест»
акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ**

Астана, 2012 ж.

1-бап. Жалпы ережелер

1. «Қазспортивест» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) осы Жарғысы оның орналасқан жерін, оның органдарын құру тәртібі мен құзыretін, оны қайта үйімдастыру мен қызметін тоқтату шарттарын және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да ережелерді айқындайды.

2. Қоғамның толық атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Қазспортивест» акционерлік қоғамы;

2) орыс тілінде: Акционерное общество «Казспортивест»;

3. Қоғамның қысқартылған атауы:

1) мемлекеттік тілде: «Қазспортивест» АҚ;

2) орыс тілінде: АО «Казспортивест»;

4. Қоғамның атқарушы органдының орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Абай даңғылы, 33.

2-бап. Қоғамның заңдық мәртебесі

5. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банктік шоттары бар, өз атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып алады және жүзеге асырады, жауапты бола алады, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

Қоғам акцияларының мемлекеттік пакеттерінің 100 % иелену және пайдалану құқығының тиісті қабылдау-тапсыру актісінің негізінде жүзеге асыратын мемлекеттік орган Қазақстан Республикасы Спорт және дене шынықтыру істері агенттігі (бұдан әрі – Жалғыз акционер) болып табылады.

6. Қоғамның өз атауы жазылған мөрі, бланктері және өз қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де деректемелері болады.

7. Қоғам өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және осы Жарғыны, сондай-ақ корпоративтік басқару кодексін басшылыққа алады.

8. Қоғамның Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысуға құқығы бар.

9. Қоғам Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген тәртіппен заңды тұлға болып табылмайтын, Қоғамның атынан және оның тапсырмасы бойынша олар туралы ереженің негізінде әрекет ететін, оның орналасқан жерінен тысқары орналасқан филиалдарын (өкілдіктерін) құруға құқылы.

3-бап. Қоғамның және Жалғыз акционердің жауапкершілігі

10. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауапкершілік алады.

11. Қоғам Жалғыз акционердің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен

көзделген жағдайларды қоспағанда, Қоғам міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өзіне тиесілі акциялар құны шегінде Қоғам қызметіне байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

12. Қоғам мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты оның міндеттемелері бойынша мемлекет жауап бермейді.

4-бап. Қоғам қызметінің мақсаттары мен түрлері

✓ 13. Қоғам қызметінің негізгі мақсаттары Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиадалық комитетімен, орталық және жергілікті атқарушы органдармен, спорт түрлерінен федерациялармен, халықаралық үйымдармен өзара іс-қимыл арқылы спортық индустрияны қалыптастыру, оның инфрақұрылымын кеңейту, бұқаралық спорты дамыту, деңе шынықтыру-сауықтыру жұмыстары үшін спортық ғимараттарды тиімді пайдалану, нормативтік, құқықтық және қазіргі заманға сай қажетті оқу-әдістемелік базаны өзірлеу және құру, деңе шынықтыру-сауықтыру іс-шараларын өткізу, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған қызметтерді жүзеге асыру нәтижесінде пайда табу болып табылады.

14. Қоғам қызметінің негізгі түрлері мыналар:

1) бұқаралық спортық іс-шараларды үйымдастыру жөнінде тақырыптық конференциялар, семинарлар үйымдастыру, тәжірибе алмасу және оларды өткізуге қатысу, бұқаралық спорты дамыту бойынша консалтингтік, маркетингтік және заңды қолдау көрсету;

2) спортық индустрия мен спорт нарығын, оның заңнамалық және практикалық базасын талдау;

3) спортық және өзге де мақсаттағы объектілердің құрылышын жоспарлау;

4) спорт индустриясы объектілерін салу үшін қажетті инженерлік коммуникацияларды (электрмен, жылумен, сумен жабдықтау, байланыс) салу және жүргізу.

5) жобалау-іздестіру қызметі;

6) құрылыш-монтаждау жұмыстары;

7) сәулет, қала құрылышы және құрылыш қызметі саласындағы саралтама жұмыстары және инжинириング қызметтері;

8) спорт объектілерін салу, қаржыландыру, қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу;

9) спорт саласындағы іс-шараларды үйымдастыру және өткізу;

10) спортық қызмет көрсетулердің, спортық өнімдердің маркетингін және зерттеулер жүргізу;

11) Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде көрмелер, семинарлар, конференциялар үйымдастыру және өткізу;

12) деңе шынықтыру және бұқаралық спорты дамыту бойынша жарнамалық, анықтамалық, оқу-әдістемелік өнімдерді шығару және өндіру;

13) кәдесый және басқа да спортық өнімдерді өндіру;

- 14) спорт саласында көрмелер мен жәрменкелер өткізу;
- 15) экспорттық-импорттық қызмет;
- 16) спортық мүкәммалмен, қурал-жабдықтармен және керек-жарапен қамтамасыз ету;
- 17) сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру.

✓ Мемлекеттік лицензиялауға жататын қызметті Қоғам тиісті лицензиясы болған кезде жүзеге асырады.

✓ Қоғам оны құру мақсаттарына қайшы келмейтін өзге де қызметті жүзеге асыруға құқылы.

5-бап. Қоғамның мүлкі мен капиталы

15. Қоғамның мүлкі:

- 1) Жалғыз акционер Қоғам акцияларын төлеуге берген мүліктің;
- 2) оның қызметі нәтижесінде алынған кірістердің;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған негіздер бойынша сатып алынатын өзге де мүліктің есебінен құралады.

16. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайту Қоғамның жарияланған акцияларын орналастыру арқылы жүзеге асырылады.

6-бап. Қоғамның бағалы қағаздары

17. Қоғам жай акциялар шығарады.

18. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады.

19. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуі онымен жасалған шарттың негізінде Қоғамның тіркеушісі жүзеге асырады.

Қоғам сатып алған өз акциялары туралы мәліметтер міндетті түрде бағалы қағаздарды ұстаушылардың тізілімдер жүйесіне енгізілуге жатады.

Жалғыз акционердің қол қойылған және толық төленген акцияларға құқықтарын растайтын құжаттар ретінде акцияларды ұстаушылардың тізілімдер жүйесінен көшірмелер қызмет етеді.

20. Қоғам орналастырылған акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайлардаған кепілдікке қабылдайды.

21. Қоғамның акцияларын кепілге салу құқығын осы Жарғының ережелерімен шектеуге немесе алып тастауга болмайды.

22. Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттелмеген акциялар мен облигацияларды шығару, қозғалысы және есепке алуудың басқа да мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оларды шығару туралы шешім қабылдаған жағдайда Қоғамның Жалғыз акционерімен анықталады.

7-бап. Қаржыландыру және Қоғамның кірісі

23. Қоғамның таза кірісі Жалғыз акционердің шешімімен айқындалған тәртіппен, оның ішінде дивидендтер төлеуге бөлінеді.

24. Қоғамның Жалғыз акционеріне дивидендтер төлеу жылына бір рет жүргізіледі. Жыл қорытындылары бойынша дивидендтер есептеу және төлеу туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды. Дивидендтер оларды төлеу туралы шешім қабылданған сәттен бастап отыз күннен кешіктірілмей төленеді.

Дивидендтерді Қоғам ақшамен төлейді. Дивидендтер төленген акцияларға ғана есептеледі.

25. Қоғамның жай акциялары бойынша:

1) өз капиталының мөлшері теріс болған жағдайда немесе Қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер Қоғамда оның акциялары бойынша дивидендтер төлеу нәтижесінде пайда болса дивидендтер төлеуге жол берілмейді.

8-бап. Қоғамның Жалғыз акционерінің құқықтары мен міндеттері

26. Қоғам акционерінің:

1) «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі - Заң) және осы Жарғыда қарастырылған тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

2) дивидендтер алуға;

3) Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде Жалғыз акционер немесе осы Жарғыда белгіленген тәртіппен Қоғамның каржы есептілігімен танысуға;

4) тіркеушіден немесе нақтылы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға менишік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5) Қоғамның директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауға;

6) Қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дауласуға;

7) Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және Қоғамға сауал келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

8) Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

9) Заңда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айыrbасталатын Қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқығы бар.

27. Жалғыз акционердің Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен көзделген басқа да құқықтары бола алады.

28. Жалғыз акционер:

1) акцияларды төлеуға;

2) осы акционерге тиесілі акцияларды тіркеуші мен нақтылы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуға қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлауға;

3) Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қоргалатын өзге де қупия болып табылатын ақпаратты жария етпеуғе;

4) Занды және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес басқа да міндептерді орындауға міндепті.

9-бап. Қоғамның органдары

29. Қоғамның органдары:

- 1) жоғары орган – Жалғыз акционер;
- 2) басқару органы - Директорлар кеңесі;
- 3) атқарушы органы - Президент;
- 4) Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асыратын орган - Ішкі аудит қызметі.

10-бап. Қоғамның Жалғыз акционері

30. Қазақстан Республикасының заңнамасымен акционерлердің жалпы жиналысының міндептіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді Жалғыз акционер жеке дара қабылдайды және олар жазбаша түрде ресімделуге тиіс.

31. Жалғыз акционердің айрықша құзіретіне белгіленген тәртіпте мемлекеттік мұлік бойынша уәкілетті органмен келісім бойынша қабылданатын шешімдер жатады:

- 1) Қоғам Жарғысына өзгерістер мен (немесе) толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) Жарғылық капиталдың мөлшерін өзгерту;
- 3) жылдық қаржылық есепті бекіту және Қоғамның есепті қаржылық жылдағы таза кірісін бөлу;

4) Қоғамға тиесілі барлық активтердің жиынтығында жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру арқылы өзге де занды тұлғаларды құруға немесе олардың қызметіне Қоғамның қатысуы туралы шешім қабылдау;

5) Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеудің мөлшері мен шарттарын айқындау;

6) «алтын акцияны» енгізу және күшін жою;

7) Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Директорлар кеңесі қабылдаған шешімдердің күшін жою.

32. Жалғыз акционердің айрықша құзіретіне келесі мәселелер жатады:

1) корпоративтік басқару кодексін бекіту, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

2) Қоғамның жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Қоғамның орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;

3) Қоғамның бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды өзгертуді айқындау;

- 4) Президенттің өкілеттілік мерзімі мен сайлауды, сондай-ақ оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуды айқындау;
- 5) Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды айқындау;
- 6) жай акциялар бойынша дивиденттерді төлеу туралы шешімді қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі дивиденттердің мөлшерін бекіту;
- 7) Занда көзделген жағдайлар туындағанда Қоғамның жай акциялары бойынша дивиденттерді төлемеу туралы шешім қабылдау;
- 8) Қоғам акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- 9) Заңға сәйкес Қоғам акцияларды сатып алған жағдайда олардың құнын анықтау әдістемесін өзгертуді (әдістемесін бекіту) бекіту;
- 10) Қоғамның қызметі туралы ақпарат ұсыну тәртібін айқындау, соның ішінде бұқаралық ақпарат құралын айқындау;
- 11) Жалғыз акционердің айрықша құзыretіне заңнамамен және осы Жарғымен шешім қабылдау жатқызылған өзге де мәселелер.

33. Егер Занда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, шешім қабылдау Жалғыз акционердің айрықша құзыretіне жатқызылған мәселелерді басқа органдардың, лауазымды адамдардың және қоғам қызметкерлерінің құзыretіне беруге жол берілмейді.

34. Жалғыз акционер егер Қоғам Жарғысымен өзгеше айқындалмаса, Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғам органдарының кез келген шешімін жоюға құқығы бар.

35. Жалғыз акционер шешім қабылдаған күннен бастап он күн ішінде Қоғамның алған таза кірісін бөлу және оның мемлекетке тиесілі акцияларына Қоғамның дивиденттер есептеуі туралы уақытылы шешім қабылдаудың қамтамасыз етуге міндетті.

11-бап. Қоғамның Директорлар кеңесі

36. Заңмен және осы Жарғымен Жалғыз акционердің құзыretіне жатқызылған мәселелерді шешуді қоспағанда, Қоғамның қызметіне жалпы басшылықты Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асырады.

37. Директорлар кеңесінің айрықша құзыretіне мына мәселелер жатады:

- 1) Қоғам қызметінің басым бағыттарын айқындау;
- 2) жарияланған акциялардың саны шегінде акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 3) Қоғамның орналастырылған акцияларды немесе басқа да бағалы қағаздарды сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Қоғамның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекіту;
- 5) Қоғамның облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын шығару шарттарын айқындау;
- 6) Қоғамның Вице-президенттерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;

7) Қоғам Президентінің және вице-президенттерінің лауазымдық жалақысының мөлшерін және оған еңбекақы және сыйақы төлеу талаптарын айқындау;

8) ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сондай-ақ оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, мөлшерін, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің жұмыс тәртібін, еңбекақы және сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын айқындау;

9) корпоративтік хатшыны тағайындау, оның өкілеттік мерзімін айқындау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы шарттарын айқындау;

10) аудиторлық ұйымның қаржылық есепке аудит жүргізуіне, сондай-ақ қоғамның акцияларын төлеуге берілген не ірі мәміле нысанасы болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметіне ақы төлеу мөлшерін айқындау;

11) қоғамның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (бұған қоғам қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды), оның ішінде аукциондар өткізу және қоғамның бағалы қағаздарына қол қою шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі құжатты бекіту;

12) қоғамның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

13) қоғамның басқа заңды тұлғалардың акцияларының он және одан да көп процентін (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) сатып алу (шеттету) туралы шешімдерін қабылдау;

14) Акциялардың он және одан да көп проценті (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) Қоғамға тиесілі заңды тұлғаның Жалғыз акционерінің құзыретіне жататын қызметінің мәселелері бойынша шешімдер қабылдау;

15) оның дербес капиталының он және одан да көп процентін құрайтын мөлшерге қоғамның міндеттемелерін арттыру;

16) Қоғамның бұрынғы тіркеушісімен шартты бұзған жағдайда Қоғамның тіркеушісін сайлау;

17) Қоғам немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе Занмен қорғалатын өзге де құпияларын құрайтын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

18) Қоғам мұдделі болған ірі мәмілелер мен мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

19) Қазақстан Республикасы заңнамасымен айқындалған мерзімге Қоғамның даму жоспарын бекіту;

20) Қоғамның атқарушы органды дайындаған Қоғамның даму жоспарын орындау бойынша есепті бекіту;

21) Қоғамның әкімшілік шығыстарына, соның ішінде еңбекақы және сыйақы төлеу тәртібі бойынша мониторинг жүргізу және бақылауды ұйымдастыру;

22) Қоғамның ұйымдық құрылымын және штаттық санын бекіту;

23) Заңмен және Қоғамның Жарғысымен көзделген Жалғыз акционердің айрықша құзіретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

38. Тізбесі Осы Жарғының 35-тармағында айқындалған мәселелер Қоғамның атқарушы органының шешімі үшін тапсырыла алмайды.

39. Қоғамның Жарғысына сәйкес оның атқарушы органының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша директорлар кеңесінің шешім қабылдауға, сондай-ақ Жалғыз акционердің шешімдеріне қайшы келетін шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

40. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кемінде үш адам болуға тиіс. Қоғамның директорлар кеңесі мүшелері санының кемінде үштен бірі тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

Директорлар кеңесін өткізу үшін кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санынан 50 және одан көп пайызды құрайды.

Дауыстар саны тең болған кезде директорлар кеңесі Төрағасының немесе директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші адамның даусы шешуші болады.

Директорлар кеңесі директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

41. Президент Директорлар кеңесі Төрағасы болып сайланған алмайды.

42. Директорлар кеңесін сайлау тәртібі мен қызметі Заңмен айқындалады.

43. Директорлар кеңесінің шешімі Директорлар кеңесінің қарауына шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беруді жүргізу тәртібі Заңмен айқындалады.

12-бап. Атқарушы орган

44. Қоғамның ағымдағы қызметіне басшылықты атқарушы орган - Президент жүзеге асырады.

45. Президент Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылғандардан басқа оның ағымдағы қызметінің барлық мәселелерін шешетін Қоғамның жеке-дара атқарушы органы болып табылады және Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесінің алдында оған жүктелген міндеттердің орындалуына жауап береді.

46. Президент мыналарды жүзеге асырады:

1) Жалғыз акционер мен Қоғамның Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғамның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Қоғамның атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;

4) Қоғамның қызметкерлерін қабылдауды, орнын ауыстыруды және жұмыстан босатуды қамтамасыз етеді (осы Заңмен айқындалған жағдайларды қоспағанда), оларды көтермелеу шараларын қабылдайды және тәртіптік жаза қолданады, атқарушы орган мен қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамына

енетін қызметкерлерді қоспағанда, Қоғам штаттық кестесіне сәйкес Қоғам қызметкерлерінің лауазымдық жалақылары мен еңбекақыларына ұстемеақы мөлшерлерін белгілейді;

5) өзі болмаған жағдайда Қоғамның вице-президенттерінің біріне міндеттерін орындауды жүктейді;

6) Қоғамның вице-президенттерінің арасында міндеттерді, соңдай-ақ өкілеттік салалары мен жауапкершіліктерді жүктейді;

7) Қоғамның штаттық кестесін бекітеді;

8) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы шешімді бекітеді;

9) сыйайлас жемқорлықпен құресті және қарсы іс-кимылды қүшету шараларын қабылдайды және сыйайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың бұзылғаны үшін жеке жауапкершілікте болады;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған мерзімге Қоғамның Даму жоспарын әзірлеуді қамтамасыз етеді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасымен айқындалған тәртіп пен мерзімде Қоғамның даму жоспарының орындалуы туралы есепті дайындауды қамтамасыз етеді;

12) Қоғамның Жалғыз акционерінің немесе Директорлар кеңесінің айрықша құзіретіне жататындардан басқа Қоғам қызметінің өзге де мәселелерін шешеді.

13-бап. Ішкі аудит қызметі

47. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесінің шешімімен құрылады.

Ішкі аудит қызметі Қоғамның ішкі аудит қызметі туралы ережеге сәйкес оның қаржы-шаруашылық қызметіне, Қоғамның атқарушы органдарының және құрылымдық бөлімшелерінің операциялары мен іс-әрекеттеріне бақылауды жүзеге асыратын Қоғамның органдары болып табылады. Қоғамның ішкі аудит қызметі туралы ережені Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.

48. Ішкі аудит қызметі тікелей Қоғамның Директорлар кеңесіне бағынады және өз жұмысы туралы оның алдында есеп береді, басшылыққа және Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына еркін және тәуелсіз түрде кірісе алады.

49. Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесінің қарауына енгізілетін мәселелер бойынша қорытындылар дайындауды.

Ішкі аудит қызметі қызметкерлерін тағайындау тәртібін, еңбекақы және сыйақы төлеу мөлшері мен шарттарын Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді.

50. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Директорлар кеңесінің және атқарушы органдарының құрамына сайланады.

14-бап. Есепке алу, есептілік және аудит

51. Қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес жасалған және Қоғамның Директорлар кеңесімен бекітілетін бухгалтерлік есепті жүргізу

және қаржылық есептілікті жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

52. Жылдық қаржылық есептілік бухгалтерлік балансты, кірістер мен шығыстар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

53. Қоғам жылдық қаржылық есептілікті (түсіндірме жазбаны қоспағанда) және аудиторлық есепті оны Жалғыз акционер бекіткеннен кейін 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей тарапымы 30 (отыз) мың данадан асатын бұқаралық ақпарат құралында жариялады.

54. Жылдық қаржылық есептілікті Қоғамның Директорлар кеңесі Жалғыз акционердің қарауына енгізілетін күнге дейін 30 (отыз) күннен кешіктірмей алдын ала бекітуге тиіс. Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін түпкілікті бекітуді Жалғыз акционер жүргізеді.

55. Қоғам жылдық қаржылық есептілік аудитін жүргізуге міндетті. Қоғамға аудит Жалғыз акционердің, Басқарманың бастамасы бойынша Қоғам есебінен не Жалғыз акционердің талап етуі бойынша оның есебінен жүргізіледі, бұл ретте Жалғыз акционер аудиторлық ұйымды дербес анықтауға құқылы.

Жалғыз акционердің талап етуі бойынша аудит жүргізілген жағдайда, Қоғам аудиторлық ұйым сұратқан барлық қажетті күжаттаманы (материалдарды) ұсынуға міндетті.

Егер Қоғамның Президенті Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізуден жалтарса, аудит кез келген мүдделі тұлғаның талап-арызы бойынша сот шешімімен тағайындалуы мүмкін.

56. Қоғамның статистикалық есепке алуы мен есептілігі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

15-бап. Қоғамның ақпаратты ашуы

57. Қоғам Жалғыз акционерге Заңға және осы Жарғыға сәйкес Қоғамның Жалғыз акционерінің мүдделерін қозгайтын өз қызметі туралы ақпаратты жеткізеді.

Қоғам мен оның Жалғыз акционері өздерінің хабарламары мен міндетті жариялануға жататын басқа да ақпаратты жариялау үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес пайдаланатын ақпарат құралдары - "Казахстанская правда" және "Егемен Қазақстан" газеттері.

58. Жалғыз акционердің талабы бойынша Қоғам акционерге Занда қарастырылған күжаттардың көшірмелерін беруге міндетті.

59. Ақпарат алу мақсатында Жалғыз акционер Қоғамның атқарушы органдына жазбаша түрде өтініш жасайды. Жалғыз акционердің өтініші Қоғамның кіріс қүжаттарын есепке алатын журналда тіркелуі керек. Қоғам Жалғыз акционерге талап етіліп отырған ақпаратты (талап етілген қүжаттардың кошірмелерін) өтініш жасалған күннен бастап отыз күнтізбелік күннің ішінде беруге міндетті.

60. Қоғам өзінің аффилиирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе Қоғамның тіркеушісі беретін мәліметтер негізінде жүргізуге міндетті.

61. Қоғамның аффилиирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар аффилиирлену туындаған күннен бастап жеті күн ішінде өзінің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметті Қоғамға табыс етуге міндетті.

62. Қоғам өзінің аффилиирленген тұлғаларының тізімін бағалы қағаздар нарығын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға ол белгілеген тәртіппен табыс етуге міндетті.

16-бап. Қоғамды қайта ұйымдастыру немесе тарату

63. Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа негіздер бойынша Қоғам қайта ұйымдастырылуы немесе таратылуы мүмкін.


64. Қоғамды қайта ұйымдастыру немесе тарату тәртібі Қазақстан Республикасының Заңымен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен реттеледі.

17-бап. Қорытынды ережелер

65. Қоғам осы Жарғымен реттелмеген барлық мәселелерде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

66. Осы Жарғы заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

«Казспортиввест» АҚ
Президенті



А. Қапаев

Утвержден приказом
И.о. Председателя Агентства
Республики Казахстан
по делам спорта и
физической культуры

от «23» мая 2012 года

№ 1020



**УСТАВ
акционерного общества
«Казспортинвест»**

Астана, 2012 г.

Статья 1. Общие положения

1. Настоящий Устав акционерного общества «Казспортиввест» (далее – Общество) определяет его местонахождение, порядок формирования и компетенцию его органов, условия реорганизации и прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

2. Полное наименование Общества:

- 1) на государственном языке: «Қазспортиввест» акционерлік қоғамы;
- 2) на русском языке: Акционерное общество «Казспортиввест».

3. Сокращенное наименование Общества:

- 1) на государственном языке: «Қазспортиввест» АҚ;
- 2) на русском языке: АО «Казспортиввест».

4. Местонахождение исполнительного органа Общества: Республика Казахстан, 010000, город Астана, район Сарыарка, пр. Абая, 33.

Статья 2. Юридический статус Общества

5. Общество является юридическим лицом в соответствии с законодательством Республики Казахстан, имеет самостоятельный баланс, банковские счета, может от своего имени приобретать и осуществлять имущественные и личные неимущественные права, нести обязанности, быть истцом и ответчиком в суде.

Государственным органом, осуществляющим на основании соответствующего акта приема-передачи права владения и пользования 100% государственным пакетом акций Общества, является Агентство Республики Казахстан по делам спорта и физической культуры (Единственный акционер).

6. Общество имеет печать, бланки со своим наименованием и иные реквизиты, необходимые для осуществления его деятельности.

7. Общество в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан и настоящим Уставом, а также кодексом корпоративного управления.

8. Общество вправе в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан, участвовать в уставных капиталах юридических лиц.

9. В порядке, предусмотренном законодательными актами Республики Казахстан, Общество вправе создавать филиалы (представительства), расположенные вне места его нахождения, не являющиеся юридическими лицами и действующие от имени и по поручению Общества на основании Положения о них.

Статья 3. Ответственность Общества и Единственного акционера

10. Общество несет ответственность по своим обязательствам в пределах своего имущества.

11. Общество не несет ответственность по обязательствам Единственного акционера. Единственный акционер не отвечает по обязательствам Общества и несет риск убытков, связанных с деятельностью Общества, в пределах стоимости принадлежащих ему акций, за исключением случаев, предусмотренных законодательными актами Республики Казахстан.

